

Сасан Мыңбайұлы (1796-1830)

Тарбағатай жұртына Сасан би есімі халыққа ертеден жеткен қасиетті адамдар тобында құрметпен аталады. Құйған ауылдық округі жеріндегі «Сасан қыры» аталатын жер атауы бар. Сасан бидің мазары осы тақтайдай жазық жерде сақталып тұр. Дөңгелете тұрғызылған мазар 19 ғасыр ішіндегі ел мен жер тектілеріне деген халықтық құрметтің куәсіндей бүгінгі ұрпаққа белгі береді. Тәуелсіз Қазақстанның «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қорғауға алынған мазардың қазіргі жай күйі, сақталуы бөлек әңгіме. Десек те жергілікті мемлекеттік құрылым өкілдері бас болып, жұртшылық назар аударып, тарихи тағлыммен қарап жатса оның артықшылығы болмас еді, деген ой келеді.

Сонымен, Сасан би туралы не білеміз? Тарихшы *Ескендір Батталұлы Құранбаев «Найман-Керей» кітабында* Сасан бидің руы Найман-Тоқтарқожа-Қаракерей-Байжігіт-Тоғас деп көрсетіледі. Кітаптың 144 бетінде «Абылай ханның жүз батырының бірі – Қосай батырдың шөпшегі. Он жасынан билік айтқан, ел сөзіне ерте араласқан. Сасан бидің бойында туа біткен қасиеттер көп болған. Ол – асқан шешендігімен, алдағыны болжағыштығымен, түс жорығыштығымен ел есінде қалған есім» деп жазылады. Сонымен қатар бабамыздың тапқырлығы мен даналығы туралы бұрынғылардан жеткен мынадай әңгімелер де тартымды келтірілген.

Ел аузынан:

Ақтайлақ би мен Сасан би

Ақтайлақ би мен Сасан би өте сыйлас және жұмбақтап сөйлеп, оның жауабын табуда екеуі де аса зерделі адамдар болған. Ара тұра астарлы сөз жауабын табу арқылы тапқырлық сынасып отырғанға ұқсайды. Ақтайлақ би бабамызға: «Үш ноктаны жазып жібер» деп сәлем жолдапты. Сонда Сасан би «Нокта үшеу емес төртеу. Жақсы еркекке–жаман әйел нокта, жақсы әкеге-жаман бала нокта, ақылды адамға-жаман ағайын нокта, пендеге - ажал нокта» деген екен.

Ақтайлақ би: «Бір өзінде жеті мақұлықтың белгісі бар тіршілік бейнесін тап», -депті. Бабамыз осы күнге дейін халық қасиет тұтатын «Дәуіт шегірткенің» сынын беріпті. Ат басты, арқар мүйізді, бота тірсек, бөрі кеуде, бөкен санды, арыстан бөкселі, құс қанатты, -деп шытқа орап жәндікті жіберген дейді.

- Ертеде Сыбан елінің жұрты Тарбағатай бойын жайлайды екен. Барымта батырлыққа баланған заман өткен ғой. Сыбан елінің Қойбағар, Балағаз, Тоқтағаз деген ұрылары Тарбағатайдың күнгейіндегі Байжігіт елінің

малын барымталап маза бермеген уақыттар болған деседі. Сол кездің заңымен Байжігіттер би-болыстарға шағым түсіріп, оларды Қытай жеріндегі қалмақтар арасына барып бас сауғалауға мәжбүр еткен. Ол жақта да Сыбан жігіттері бір жанжалда қалмақтың айдарын кесіп алып, бас кескенмен бірдей саналатын тентектік жасайды.

Содан онда да тыныштық болмай қайта елге қайтады. Ел шетіне ілінгенде Қойбағардың астындағы аты ертоқымымен жата қап аунап, кісінеп жіберген екен деген сөз қалған бұрынғыдан. Сыбан барымташыларының келесі бір жорығында Сасан би ауылының жеті жүздей жылқысын арғы бетке айдап әкетпек болады. Артынан қуғыншылар шығады. Қойбағар жылқыны алға салып, өзі жол тосып қалады. Ел аралап сауда жасап жүрген Семейдің ноғайы қуғыншылармен бірге шығып, Қойбағарға бірінші кез боп, «Сен Қойбағар болсаң мен адам бағармын» дейді де, атып жібереді.

Жаралы Қойбағар қансырап жолдастарына жеткен бойда жылқыны Кеңсайға емес, Тарсайға бағыттап айдатады. Ал оның ұшар басы жалама таужартас болып, жылқы құлап өлген деген ел аузында сөз қалған. Қойбағардың адамдарынан төрт жігіті аман қалып, келесі жылы жанама тау астындағы көлден адамдарын іздеп таба алмаған. Қойбағардың жансыз денесі құлаған жерінде тас үстінде қалған. Тасқа тиіп жатқан беті мен сақалы жидіген екен дейді. Ал қолындағы дүзігін біреу саусағымен кесіп алған. Сыбан жағы құлама құздан құлап өлген отыз жігітке құн сұрайды. Сондағы Сасан бидің құн сұрап келген Сыбан елінің жоқтаушыларына шығарған шешімі мынадай дейді:

Біздің елге келмесең,
Жылқыма тиіп алмасаң,
Айғай сүрең салмасаң,
Төсекте жатып өлмес пе ең!
Тарбағатайды қолдан жараттым ба?,
«Тар асуға» апарып жылқыны қаматтым ба?,
«Қараңғы бол» деп түнді азғырдым ба?,
Көл ішінен қабырларын қаздырдым ба?.
Бір Байыстың баласымыз,
Бір білектің саласымыз,
Не орыстың, не қазақтың заңына сыймас,
Ұрылар үшін құн сұрауың жөн емес,
Құн беретін мен емес,
Сенің кісің өлсе,
Менің жеті жүз жылқым опат болды,
Жігіттерің өз құндарын артығымен алып жатыр,

Сұрағыш болсаң көлден сұра! – деп жауап берген. Ескіден жеткен әңгімеде аталы сөзге тоқтаған Сыбан жағына, өлі Қойбағардың саусағын кесіп, дүзігін ұрлағаны үшін Байжігіт елі 50 жылқы құн төлепті.

Тарбағатай тауының теріскейіндегі Байжігіт жұртының жылқысына барымташылар тиеді. Жылқы күзеті мықты болса керек. Соған қарамай арнайы дайындықпен келген топ екі Байжігіт адамын сойылға жығып өлтіріп, жылқы әкеткен екен. Кейіннен олардың ізі Арғын елі Тобықтыдан шығып, құн төлеу жайы билер талқысына түседі. Ұрланған мал Тоғас ауылынікі болғандықтан, билік айту Ақтайлақ бидің төрелігімен жүргізіледі.

Сасан би болған жайды баяндап, екі адамның құнын жоқтап тұрғанда, Ақтайлақ би: - «Сасан-ай, бір уақыт тасырқасаңшы», – деген екен.

Сасан: «Тасырқайын, ауыртпай тағаласа», – деп жауап қатыпты.

Ақтайлақ би: «Айтушы біреу, тұрманы түгел болсын», – деген екен. Сасан би келісіпті. Ақтайлақ би: «Билік бітті», – деп жариялайды. «Айтушы біреу, тұрманы түгел болсын», -деген сөздің мағынасы бір адамға құн кесіледі. Бірақ оның төлемі екі адамның құнына пара-пар болып шыққан екен. Бітім осымен аяқталып, Сасан би бастап келген Байжігіт елі ойындағы құнға қол жеткізіпті.

Сағынбек Ақанұлы, ҚР Мәдениет қайраткері